

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау қағидаларын бекіту туралы" 2012 жылғы 30 қарашадағы № 1518 және "Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 қарашадағы № 1518 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2013 жылғы 28 тамыздағы № 874 қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 21 тамыздағы № 614 қаулысы.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

1) "Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 қарашадағы № 1518 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 1, 19-құжат);

2) "Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 қарашадағы № 1518 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 874 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 51, 713-құжат) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин